Современные подходы к субсидированию сельскохозяйственного производства в Казахстане имеют определенные недостатки, устранение которых позволит повысить эффективность производства: низкий удельный вес к затратам производимой продукции, что ставит в неравные ценовые условия отечественную и импортную продукцию; система субсидирования не в полной мере заинтересовывает товаропроизводителей в получении продукции. Для увеличения объемов производства конкурентоспособной сельскохозяйственной продукции предлагается выделять субсидии в зависимости от урожайности.

Используя зарубежный опыт для увеличения объемов конкурентоспособной сельскохозяйственной продукции и продовольствия необходимо выделить субсидии за единицу продукции: в растениеводстве – по сложившейся средней урожайности за последние три года, площади посевов; в животноводстве – за реализованную продукцию.

С учетом субсидирования, внедрения ресурсосберегающих технологий в земледелии и животноводстве, инфляционных процессов, удорожания техники и других организационно-экономических факторов определена прогнозная себестоимость единицы сельскохозяйственной продукции. Так, себестоимость 1ц зерна в 2015 г. должна возрасти по сравнению с 2009 г. на 25,1% и достигнет 1478 тенге, мяса крупного рогатого скота – на 46% и 25450 тенге.

Для эффективного развития сельскохозяйственного производства в условиях глобализации экономики и государственных ресурсов предлагается довести уровень субсидий в структуре себестоимости единицы продукции в 2015 г.: по зерну до 11,2%, хлопку-сырцу – 12,5, мясу крупного рогатого скота – 6,7, молоку – 23,1%.

Умножая себестоимость единицы продукции на прогнозируемый удельный вес в ней субсидий определена их ставка. Например, ставка субсидий на 2015 г. по зерну составит 165 тенге за 1ц, рису – 430 тенге, хлопку-сырцу – 459, молоку – 104, мясу крупного рогатого скота – 1705 тенге.

Объем производства продукции рассчитан на основе «Концепции развития агропромышленного комплекса на 2010-2015 гг.» для сельхозформирований (сельхозпредприятия и крестьянские хозяйства).

Умножая, расчетную ставку субсидирования на объем производимой сельскохозяйственной продукции, определен размер субсидирования.

Объем выделения субсидий к 2015 г. по сравнению с 2009 г. по зерновым и зернобобовым культурам возрастет в 4 раза, по растениеводству – в 4,6 раза, животноводству – в 6,4 раза и в целом по сельскому хозяйству – в 5,1 раза (таблица 1).

Таблица 1 – Расчетный объем субсидий по сельхозформированиям республики

(млрд. тенге)

Продукция	Год		
	2009 факт	2010 проект	2015 прогноз
Зерновые и зернобобовые	8,0	13,8	32,3
Рис	0,4	1,3	2,1
Кукуруза на зерно	0,2	0,5	1,8
Масличные культуры	0,9	1,5	2,5
Картофель	0,2	0,9	2,6
Овощи и бахчи	1,2	4,2	8,3
Плоды и ягоды	1,0	1,8	3,2
Виноград	0,04	0,2	0,6
Хлопок -сырец	0,9	2,9	4,5
Сахарная свекла	0,5	1,7	3,0
Итого по растениеводству	13,3	28,8	60,9
Мясо скота и птицы (в весе)			
Крупный рогатый скот	0,3	3,8	9,5
Свиней	0,1	2,0	3,5
Овец и коз	0,1	1,7	3,2
Лошади	0,1	1,2	2,1
Верблюдов	0,01	0,1	0,2
Птицы	0,01	0,4	1,3
Молоко	3,7	4,1	5,7
Яйца, (тыс.штук)	1,7	7,2	13,3
Итого по животноводству	6,1	20,5	38,8
Всего по сельскому хозяйству	19,4	91,2	99,7
Примечание – Рассчитана автором на основании расчетов			

Учитывая, что субсидии выделяются только сельхозформированиям, то удельный вес их в валовой продукции в 2015 г. должен возрасти по сравнению с 2009 г. до 12,3%, в том числе по растениеводству – до 10,6%, по животноводству – до 20,2%.

Для повышения эффективности субсидирования производства животноводческой продукции при определении размера выплат следует учитывать уровень рентабельности по следующей схеме:

$$B = P \times C \times Kp,$$

где

B – размер выплаты;

P – объем реализации;

C – стоимость реализованной продукции;

Kp – коэффициент рентабельности

Величину коэффициента рентабельности целесообразно устанавливать в зависимости от уровня рентабельности: при рентабельности до 10% Kp = 1; при 11-15% - 1,15; при 16-20% - 1,2; при 21-25% = 1,25, более – 25% - 1,5.

Таким образом, выделение субсидий за произведенную растениеводческую продукцию позволит упростить их получение из государственного бюджета. Используя опыт США предлагается 50% расчетного объема субсидий выплачивать на начало года и 50% - после получения урожая растениеводческой продукции.

Выплаты субсидий сельхозтоваропроизводителям необходимо осуществлять за количество произведенной продукции, которая определяется по базовой площади и средней урожайности за последние 3 года. За базовую площадь принимается сложившаяся посевная площадь. По каждой культуре в расчет принимается только 85% базовой посевной площади каждой культуры, умножая на среднюю урожайность за 3 года и ставку субсидирования.

Необходимо разработать и принять Закон «О паритете цен на сельскохозяйственную и промышленную продукцию (услуги,) используемые в сельском хозяйстве и компенсации потерь в связи с его нарушением», в основу которого должно быть заложено определение среднегодовых гарантированных цен на важнейшие виды агропродовольственной продукции.

Целесообразно восстановить и расширить государственный закуп зерна и хлопка по форвардным сделкам в размере до 50% их товарной части по гарантированным ценам, возмещающим затраты и позволяющим обеспечить определенную доходность, что в свою очередь, будет способствовать проведения весенне-полевых и уборочных работ и гарантировать получение высокого урожая.

В законодательно-нормативном порядке следует определить сроки лизинга на технику до физического износа, снижение оплаты первого взноса 8-10%; уменьшить снабженческо-сбытовую наценку при проведении лизинговых операций до минимального размера; снизить таможенные пошлины и налоги по операциям лизинга, в том числе НДС и лизингодателя освободить от уплаты налога на прибыль, полученную по договорам на срок не менее 3 лет.

Предприятиям и организациям, осуществляющим лизинговые операции, ставку налога на прибыль на первый год необходимо снизить на 90%, в течение последующих пяти лет – на 50%.

В законодательном порядке необходимо разработать и утвердить положение «О республиканском страховом резерве», внедрять ипотечное кредитование земель сельскохозяйственного назначения, что станет дополнительным источником долгосрочного инвестирования сельхозтоваропроизводителей. Для его реализации разработать и принять Закон «О ипотечном кредитовании в сельскохозяйственном производстве».

Основными направлениями укрупнения личных подсобных хозяйств и крестьянских хозяйств, следует считать повсеместное создание кооперативов по производству, сервисному обслуживанию и сбыту продукции; прямую адресную поддержку через государственный сельскохозяйственный банк.

Рассматривая инвестирование как процесс развития сельскохозяйственного производства, следует отметить, что инвестиционное решение приобретает стратегическую направленность. Основную роль в развитии сельхозпроизводства занимают инвестиции в основной капитал, объем которых составляет 1,9%. В 2008 г. он возрос в 3,1 раза, и ввод в действие основных фондов – в 2,5 раза.

В структуре основных фондов удельный вес производственных фондов составляют: здания и сооружения – 27,1%; машины и оборудование, передаточные устройства, транспортные средства- 59,2%; инструменты, инвентарь, скот и многолетние насаждения – 13,7%; обеспеченность капитальными помещениями поголовья крупного рогатого скота - 49%, овец – 27%, машинно-тракторного парка – 50-60%, степень износа построек производственных помещений и оборудования – 40-50%, машинно-тракторного парка -80%.

В структуре инвестиций удельный вес бюджетных средств достиг 3,7%, собственных средств -87,4%, в том числе амортизации – 1,3% и прибыль -86,1%, иностранные инвестиции -0,1%, заемные средства- 8,8%.

Для развития аграрного производства, как показывают расчеты, за 2011-2015 годы потребуется 4654,7 млрд. тенге инвестиций, в том числе 1089,1 млрд. тенге (23,4%) бюджетных средств. В структуре общего объема инвестиций затраты на растениеводство составят 2287, 6 млрд. тенге (49%), из них бюджетных средств -756,8 млрд. тенге (16,3%); по животноводству, соответственно, 312 млрд. тенге (6,7%), в том числе бюджетные средства – 153, 5 млрд. тенге (3,2%); по переработке сельскохозяйственной продукции – 2055,1 млрд. тенге (44,3%), из них за счет бюджетных средств – 178,8 млрд. тенге (44,3%).

Потребность в бюджетных средствах на развитие сельскохозяйственного производства за рассматриваемый период составит 910 млрд. тенге, в том числе по растениеводству – 756,8 млрд. тенге (83,1%), животноводству – 153,5 млрд. тенге (16,9%) (таблица 2).

Таблица 2 – Потребность в бюджетных инвестициях на развитие агропромышленного производства в Казахстане

Мероприятие	Год					
	2011	2012	2013	2014	2015	Итого
Растениеводство						
Кредиты на весенне-полевые работы	120					120
Закуп зерна	15,2	15,2	15,2	15,2	15,2	76
Строительство терминалов			1,5	1,5		3
Строительство производств по глубокой переработке зерна		30	30	30	30	120
Лизинг техники, модернизация основных фондов	75	75	75	75	75	375
Капельное орошение	1,1	1,1	1,1	1,1	1,1	5,4
Строительство картофеле- и плодоовощных хранилищ	-	6,1	6,1	6,1	6,1	24,4
Строительство парников и теплиц	7,4	7,4	7,4	7,4	7,4	29,6
Капельное орошение плодоовощных культур	-	1,1	1,1	1,1	1,1	4,4
Итого	210,2	135,9	137,4	137,4	135,9	756,8
Животноводство						
Строительство молочно-товарных ферм	32	6,0	6,5	6,5	6,5	32
Строительство откормплощадок	19	7,5	7,5	7,5	7,5	49
Развитие тонкорунного овцеводства	5	4,5	4,5	4,5	4,5	23
Строительство птицефабрик	6	9	9	9	9	42
Строительство мясоперерабатывающих предприятий и крупных убойных пунктов	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	7,5
Итого	37,5	29	29	29	29	153,5
Всего	247,7	164,9	166,4	166,4	164,9	910,3
Примечание - Рассчитан автором						

* * *

Шаруашылық жүргізудің жаңа кезеңіндегі Қазақстанның аграрлық өндірісін экономикалық реттеудің әдістемесі жасалынған.

The technique of economic regulation of agrarian production of Kazakhstan in new managing conditions is developed.

ӘОЖ 631.11.21.

АУМАҚТЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ӘРЕКЕТ ЕТУІНІҢ ТЕОРИЯСЫ

THEORY OF FUNCTIONING OF REGIONAL ECONOMIC SYSTEMS

**Рахимбаева З.М., Қамысбаев М.К., Асанов Б.М., Бидайқова Ж.Е.
Rahimbaeva Z.M., Kamysbayev M.K., Asanov B.M., Bidaykova Zh.E.**

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі көптеген факторларға байланысты, сондықтан ол экономикалық жүйенің жалпы дамуымен анықталады

Ғылыми әдебиеттерде бәсеке, бәсекелестік қатынастар, бәсекелестік орта, бәсекелестік артықшылықтар сияқты түсініктер кездеседі. Сөз құраушы және тұжырымдамалық мағынада «бәсеке» сөзі бастапқы болғандықтан, осы түсінікті нақтылау қажеттілігі туындап отыр. Жалпы

таным бойынша бәсеке нарық механизмінің және бүкіл нарықтық экономиканың әрекет етуінің негізгі буыны болып табылады.

Бәсекенің экономикалық кең сипаттағы анықтамасы зерттеу қызығушылығын танытып отыр. Осы тұрғыда П.Самуэльсон бәсекені баға мен нарықтар жүйесі арқылы объективті түрде жүзеге асырылатын жан-жақты зерттелген, күрделі үйлестіру тетігі ретінде қарастырады. П.Самуэльсонның анықтамасы бойынша бәсеке – бұл миллиондаған түрлі индивидумдардың білімдері мен іс-әрекеттерін біріктіру құралы. М.Портер ол туралы: 1) жаңа бәсекелестің пайда болу қауіпін; 2) өнімдер мен қызметтерді ауыстыру қауіпін; 3) жабдықтаушылардың сайысын; 4) сатып алушылардың сайысын; 5) бәсекелестер арасындағы күресті қамтитын күш деп жазады. Осы бес күш фирмалар тағайындай алатын бағаларды; шығындар деңгейін; жеңіске жетуге қажетті инвестициялардың көлемін анықтайды.

Экономикалық әдебиеттерде қазіргі жағдайдағы бәсекенің әдістері екі негізгі топқа бөлінеді деген пікір қалыптасқан. Бірінші топ – бұл бәсекелестік күрестің экономикалық нысандары. Екінші топ – бұл экономикалық мәжбүрлеуден экономикалық тетіктер мен ынталандыруға өтумен қатар мәнін бірте-бірте жоғалтатын жасанды монополизм және әкімшілік-әміршілдік құрылымдардың сақталуымен байланысты әдістер. Аталған әдістерді, өз кезегінде, бағалық және бағалық емес деп бөлуге болады.

Бағалық емес бәсеке бәсекелестік күресте негізгі факторлар тауар бағасы емес, оның сапасы, сервистік қызмет көрсетуі, өндіруші фирманың беделі болуымен сипатталады. Бағалық емес әдістердің ішінде зерттеушілер бәсекелестік күрестің нарықтық және нарықтық емес түрін бөліп қарастырады.


Мұндай бөліністе бәсекелестік күрестің нарықтық түрлеріне авторлар: бір баға деңгейіндегі тауарлар сапасының арақатынасы әдісін; қарызға сатуды, ноу-хау мен патенттерді бақылауды; лизингті жатқызады.

«Бәсекенің» экономикалық категория ретіндегі анықтамасының тұжырымдарын зерттей келе, бәсеке түрлі салаларда әрекет етіп, адам болмысының перманенттік сипаты болып табылады деген түсінікке келдік. Бәсекенің нысандары мен әдістерін талдау бәсекелестік қатынастар жүйесінің күрделенуі және қарқынды дамуы туралы айтуға мүмкіндік береді. Осыған байланысты экономикалық бәсеке бүгінгі таңда жаңа мәнге ие болып отыр. Ол нарық шегінен шығып, оның әдістері мен түрлері экономикалық сипатпен шектелмей, жаңа әлеуметтік сипатпен толықтырылып отыр.

Біздің еліміз үшін әлемдік нарықтағы бәсекелестік позицияларды сақтау мәселесі әсіресе өзекті болып отыр, себебі қазіргі жағдайда болашақта бәсекеге қабілеттіліктің өсуін қамтамасыз ететін факторлар белгілі бір дәрежеде өз күшін жоюда. Осыған байланысты негізгі мақсаты экономика салаларының бәсекеге қабілеттілігін нығайту болып табылатын мемлекеттік саясаттың маңыздылығы елеулі артып отыр.

Аумақтың бәсекеге қабілеттілігі – аумақтық ресурстарды, бірінші кезекте жұмыс күші мен капиталды басқа аумақтарға қарағанда өнімділікті пайдалану, ол адам басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ) көлеміндегі нәтиже ретінде көрініс табады. Бәсеке күрделі жағдайдың қалыптасу салдарынан бірнеше көрсеткіштер арқылы бағалануы мүмкін, бұл көрсеткіштер жүйесін келесі бөлімде ұсынамыз.

Аумақтың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудағы бағдарламалық-мақсатты тұжырым қарастыра келе, жеті деңгейге дейін «мақсаттар терегі» құрылады (1-сурет).



1-сурет. Аумақтың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үлгісінің бөлігі (мақсаттар терегі)

Жаһандық мәселе келесідегідей болуы мүмкін: адам басына шаққандағы ЖӨӨ, басымды ғылыми сиымдылықты өнеркәсіп өндірістеріндегі, көлік, ауыл шаруашылығы салаларындағы өнім көлемінің өсуі есебінен аумақтағы жоғары бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізу.

Аумақтың бәсекелестік стратегиясын келісімдердің сомасы ретінде қарастыру В.Л. Тамбовцевтің бейнелеген «фирманың келісімдік стратегиясы» негізінде іске асады. Оның «Фирма стратегиясының келісімдік моделі» еңбегін зерттеу келісімдер желісі ретіндегі аумақтың бәсекелестік стратегиясын қалыптастыру сызбасын құруға мүмкіндік берді (2-сурет).


Дегенмен біз ұсынған келісімдер сызбасы нақты жағдайда басқа келісімдердің қосылу мүмкіндігін жоққа шығармайды. Жоғарыда көрсетілген әрбір субъектінің өзіндік мүдделері бар, олар өз қызметі туралы шешім қабылдау барысында қозғаушы күш болып саналады. Бұл мүдделер сәйкес келмеуі тиіс, аумақтық ерекшеліктермен анықталатын арнайы талдау қажет. Бәсекеге қабілеттіктің басты сыртқы факторы болып бәсеке табылады. Бәсеке табиғи монополия салаларында болмайды. Бәсекенің төменгі деңгейі инновациялық бәсеңділікке, технологиялық артта қалуға, шығындардың жоғары деңгейіне, бәсекеге қабілеттіліктің төмендеуіне алып келеді.



2-сурет. Келісімдер негізінде аумақтың бәсекелестік стратегиясын қалыптастыру

М.Портер ұсынған «ұлттық ромб» үлгісін пайдаланған жөн деп есептейміз. Осы үлгіге сәйкес, бәсекелестік артықшылықтарды құрудағы аумақтың ролін «аумақтық ромбты» құрайтын (табиғи ресурстар, капитал, білікті кадрлар, инфрақұрылым) төрт өзара байланысты бағыттар (детерминанттар) бойынша зерттеуге болады. Біз тағы екеуін қосуды жөн көрдік – ақпарат және кәсіпкерлік талант. Осы үлгінің негізінде біз негізгі алты параметр бойынша аумақтағы бәсекеге қабілеттіліктің дамуына әсер ететін ішкі және сыртқы орта ықпалын ескере отырып сызба құрастырдық (3-сурет). Сызбада көрініп тұрғандай, әрбір параметр аумақтың ішкі ортасымен өзара байланыста және өзара әрекеттесуде болады.

Аумақтың бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізу жұмыстарын екі кезеңде жүргізу қажет. Біріншіде басты мақсат технологиялық алға шығу үшін шарттар құру болып табылады. Екінші кезең өндіріске замануи, барынша отандық технологияларды өндіруді қарастырады. Осы уақыт шегінде жинақталған капиталды қолданбалы зерттеулерді оларды өндіріске өндіру мақсатында дамытуға бағыттау қажет. Осы кезеңде басымдық бағыттарды таңдаудағы негізгі шектеу қолда бар ресурстарды барынша толық пайдалану болуы тиіс, мұнда басты назар жоғары технологиялық салаларға аударылады.



3-сурет. Сыртқы және ішкі орта мүмкіндіктерін пайдалана отырып аумақтың бәсекеге қабілеттілігін дамыту факторлары

Бизнестің бәсекеге қабілеттілігін дамыту беталысына талдау көрсетіп отырғандай, қазіргі әлемде экономикалық агенттер арасындағы қатынастар маңыздылығы бойынша бірінші қатарға шығып отыр. Дегенмен барлық ғылыми еңбектерде олар берілмейді немесе ресурстық құрылымдық топтар шегінде ғана келтіріледі. Біздің көзқарасымызға сәйкес аумақтың бәсекеге қабілеттілігі факторлары жіктеме түрінде берілген (1-кесте).

Кесте 1 - Аумақтың бәсекеге қабілеттілігі факторларының жіктелуі

Тәсілдер	Факторлар
Ресурстық	<ul style="list-style-type: none">- адам- капитал- кәсіпкерлік- ақпараттық
Субъектілік	<ul style="list-style-type: none">- тұтынушы ретіндегі тұрғындар- өндіруші ретіндегі кәсіпорындар мен ұйымдар- делдалдар ретіндегі кәсіпорындар мен ұйымдар- басқару органдары ретіндегі мемлекеттік және муниципалдық мекемелер
Құрылымдық	<ul style="list-style-type: none">- экономика салалары- салалық құрылымдар- нарықтардың құрылымы- өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым
Институционалдық	<ul style="list-style-type: none">- экономикалық институттар- құқықтық институттар- әлеуметтік институттар- мәдени институттар
Байланыстылық (экономикалық агенттердің байланыстары) тұрғысынанпозиций связей экономиче-ских агентов)	<ul style="list-style-type: none">- экономикалық, қаржылық- нарықтық (бәсеке)- нарықтық емес (серіктестік)- әлеуметтік

Бәсекеге қабілеттілік факторларын сыртқы және ішкі деп бөлуге болады. Бәсекеге қабілеттіліктің сыртқы факторларының құрамында, біздің пікірімізше, аса маңыздысы болып инвестициялық климат, аумақаралық және халықаралық нарықтардағы бәсеке деңгейі, өндіргіш күштердің географиясы табылды. Бәсекеге қабілеттіліктің ішкі факторларына менеджменттің сапасы, фирманың инновациялық стратегиясы, инвестициялардың бағыты, еңбек қатынастары және жұмысшылардың біліктілігі, меншік құрылымы және т.б. жатады. Инвестициялық климат бәсекеге қабілеттіліктің сыртқы факторы ретінде өндіріс шығындарына елеулі әсерін тигізеді. Олардың деңгейіне сыртқы нарықтағы және бәсекелес елдерге қатысты фирманың позициясы тәуелді болады. Бәсекеге қабілеттіліктің басты сыртқы факторы болып бәсеке табылады. Бәсеке табиғи монополия салаларында болмайды. Бәсекенің төменгі деңгейі инновациялық бәсеңділікке, технологиялық артта қалуға, шығындардың жоғары деңгейіне, бәсекеге қабілеттіліктің төмендеуіне алып келеді. Мәселен, еліміздегі негізгі капиталдың тозу дәрежесі орташа есеппен 30-40% асады, ал жаңарту коэффициенті 2-3% құрайды. Салалық және аумақтық деңгейде бәсекені дамыту бойынша қабылданған іс-шаралар жеткіліксіз, себебі фирмалардың бәсекеге қабілеттіліктерінің арттыруға қажетті дәрежеде ықпал етпейді.

* * *

Рассматриваются приоритеты повышения эффективности региональной системы хозяйствования в рыночной экономике

Priorities of increasing of efficiency of regional system of managing in market economy are considered.

ОБЛЫС ДЕҢГЕЙІНДЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН БАҒАЛАУ

THE ANALYSIS OF ECONOMIC SYSTEMS AT REGIONAL LEVEL AND AN ESTIMATION OF THEIR COMPETITIVENESS

**Көшербаев Қ.Ж., Доскожин Д.Р., Қонақбаев Н.Ш.
Kosherbayev K.Zh., Doskozhin D.R., Konakbayev N.Sh.**

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Талдау барысында аумақтың бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың келесі қағидалары қолданылады: 1) миссияның, мақсаттың анықтылығы, қойылған мәселелердің айқындылығы; 2) нормалар мен нормативтердің, негізгі индикаторлардың белгіленуі; 3) аумақтық құрылымдардың бейімдік жоспарлау әдістерін игеру дәрежесі; 4) түрлі органдардың жауапкершіліктері мен өкілеттіліктерін бөлу оңтайлылығы; аумақтық басқарудың әрбір буынының міндеттерінің, құқықтар мен жауапкершіліктерінің тең үлесімі; 5) аумақтағы шаруашылық субъектілердің қызметін тиімді үйлестіру және реттеу (жұмыстардың келісімділігі, жүйенің тұрақтылығы және реттілігі, басқару объектісі мен субъектісі арасындағы кері байланысты қолдау); 6) аумақтағы барлық бағдарламалар мен жобалардың жүзеге асырылуын тиімді бақылау.

Көптеген факторлардың ықпалымен ұлттық экономиканың бір салалары жеделдетілген түрде дамиды, басқалары – қызмет ауқымын азайтуға мәжбүр. Құрылымдық-үлестік (mix-and-share analysis) талдаудың көмегімен аумақтық экономикадағы құрылымдық өзгерістер қандай факторлардың әсерінен болғанын анықтауға болады.

Бүгінде Қазақстан аумақтары экономикалық дамудың жалпы сипаты және мамандануына сәйкес топтарға бөлінуі мүмкін. Топтарға бөлуді біз индикаторлар бойынша жүргіздік: 1) өмір сүру сапасы; 2) іскерлік белсенділік; 3) аумақтық әлеуеті; 4) әлеуметтік индикаторлар. Аумақтың бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау үшін интегралдық индикатор есептелген, ол үшін әр көрсеткіш бойынша аумақтың үлесі анықталып, осы топтағы бірге теңестірілген ең төменгі мәнге бөлінеді.

Сонымен, ҚР субъектілерінің топтамалық құрылымындағы өзгерістер - бұл аумақтардың кедей топтарының көбеюі. Номиналды табыстың жалпы өсімі жағдайындағы аумақаралық дивергенция абсолютті кедейлік аумағын кеңейтті. Талдап отырған кезеңнің ерекшелігі болып нақты табыстар өсіңкілігінің толқуы табылады, индустриалдық депрессивті аудандардағы табыстар төмендей деңгейде қалып отыр. Табыстардың бірінғай емес аумақтық динамикасының салдары болып табыстардың аумақтық шоғырлануының күшеюі табылады. Демек, аумақтар бөлінісі ассиметриялық болып келеді: ҚР тұрғындарының шамамен 10% табыстары ең төменгі өмір сүру деңгейінен төмен, Атырау облысында - 25%, Қостанай, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау облыстарында 13% жоғары. Тұрғындар табысының кеңістіктік құрылымындағы байқалатын парадокстар туралы айтып өткен жөн. Ең бай (мұнай өндіретін) аумақтар сияқты кедей аумақтар да тұрғындардың ақшалай табысынан жинақ үлесіне ие болады.

Аумақ экономикасының бәсекеге қабілеттілігін бағалау үшін келесі іс-шаралардың ретін орындау қажет:

- аумақтың бәсекеге қабілеттілігін бағалау үшін көрсеткіштерді таңдау және оларды есептеу;
- аумақтың басқа аумақтардың ішінде ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігіне ықпал етуі тұрғысынан әрекет етуі;
- аумақ экономикасындағы бәсекелестік позициялардың шешуші факторлары мен өзгеру бағыттарын анықтау;
- бәсекеге қабілеттілікті жоғарылату мақсатында аумақты дамытудың инновациялық және инвестициялық перспективаларын анықтау.

Зерттеу барысында ірі және орта шаруашылық субъектілердің қаржы нәтижелері 2918,2 млн. теңге көлеміндегі кіріс ретінде анықталды. Табысты кәсіпорындардың үлесі олардың жалпы санының

65,4% құрады. 8,2 мың жұмыссыздар тіркелді (бір жылда 6,4% азайды). Тұрғындардың жан басына шаққандағы атаулы ақшалай кірістері 90412 теңге болды, бұл 2005 жылмен салыстырғанда 22,0% жоғары. ОҚО аудандарының материалдары бойынша бәсекеге қабілеттіліктің негізгі көрсеткіштеріне талдау жасалып, баллдық бағалау жүргізілді, бұл шағын қалалар мен ауылдық аудандарды аумақтық басқару жүйесін жақсарту бойынша ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді. Ауылдық аумақтар жұмыспен қамтылған тұрғындардың үлес салмағы, жұмыссыздық, орташа еңбек ақы, өнеркәсіптік өнімнің үлесі және жұмсалынған инвестициялар, жұмыс істеп тұрған ауылшаруашылық кәсіпорындардың үлес салмағы, тауар айналымы және пайдалануға берілген тұрғын-үй көлемі сияқты көрсеткіштер бойынша бағаланған. Өнеркәсіп негізінен Шымкент қаласында (55,79%) және мақта өңдеу кәсіпорындарын қамтитын Мақтаарал ауданында шоғырланған. Арыс, Кентау қалалары, Бәйдібек, Созақ аудандарының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері өте төмен, яғни оларды дағдарысты аумақтарға жатқызуға болады. Шымкент қаласы (56,69%) және Созақ ауданынан (13,48%) басқа ОҚО аудандары қажетті көлемде инвестициялар алмайды, 13 аудан мен қалалық әкімшіліктерге барлық инвестициялардың 30% жуығы ғана бөлінеді. Осы аудандарда әлеуметтік инфрақұрылым әлсіз дамыған. Мамандардың мәліметтері бойынша, Қазақстанда аса қолайсыз экономикалық жағдайда 22 ауылдық мекендер бар, оларда 9611 адам тұрады, олардың екеуінде 580 адам радиацияның жоғары деңгейі жағдайында өмір сүреді. Мұндай ауылдық елді мекендер Оңтүстік Қазақстан облысында да бар.

Даму басымдықтарын ескере келе, қарастырылған әрбір көрсеткішке оның бәсекеге қабілеттілікке әсер етуді бағалауда маңыздылығын сипаттайтын үлес салмағы белгіленген. Есептеу нәтижелері 1-кестеде келтірілген. ОҚО қалалық әкімдіктері мен аудандары баллдардың жалпы саны (1-нұсқа) және тұрғындардың санын ескере отырып (2-нұсқа) топтастырылған (2-кесте).

Бірінші нұсқа дамуды объективті бейнелейді, бірақ тұрғындардың санын ескеретін болсақ, жан басына шаққандағы көрсеткіштер бойынша көптеген аудандар өмір сүру деңгейі төмен аумақтарға жатқызылуы мүмкін.

Математикалық түрде осы дененің аумағы келесі функциямен анықталады

$$Y = F \{X_1 X_2 + X_2 X_3 + X_3 X_4 + X_4 X_5 + X_5 X_6 + X_6 X_1\},$$

мұндағы $X_1, X_2, X_3, X_4, X_5, X_6$ - бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштері, %№

Аумақтың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату үрдістерінің жалпы құрылымы сурет 1 келтірілген. Біздің пікірімізше, осы мәселелерді орындауға аумақтық менеджерлер мен басқарушылар, сонымен қатар бизнес өкілдері жұмылдырылуы тиіс. Инвесторлар үшін қолайлы жағдайлар жасау қажет. Осыған байланысты жергілікті әкімшілік қызметінің стратегиялық мақсаты аумақты басқа субъектілер тұрғысында тиімді екенін көрсету, түрлі секторлардың даму әлеуетіне қарай аумақтық бөліністі жүргізу, басымдық бағыттарды және инвестициялық қажеттіліктерді анықтау. Әкімшілік аумақтық тауарлардың ішкі және сыртқы нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуі тиіс.

Әкімшілік жұмысын рейтингтік талдаудың мақсаты әрбір маманның басқару қызметінің жалпы нәтижелеріне қосқан үлесін анықтау; әкімшілік жұмысының сапасын ынталандыру; басқару үрдісінде инновациялық әдістерді қолдану болып табылады.


1-кесте. ОҚО аудандарының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің негізінде баллдарды есептеу, 2008 ж.

№		Жұмыспен қамтылған тұрғындар	Жұмыссыздар саны	Орта айлық еңбек ақы	Өнеркәсіптік өнім	Ауылшаруашылық кәсіпорындар	Инвестициялар	Тауар айналымы	Тұрғын үймен қамтамасыз ету	Баллдардың жалпы сомасы	
										1 нұсқа	2 нұсқа
1	Шымкент қ.ә.	8,20	1,01	1,61	143,05	1,00	96,08	210,24	52,22	227,31	21,91
2	Арыс қ.ә.	1,09	1,42	1,57	2,59	4,28	3,92	3,59	1,00	19,46	7,88
3	Кентау қ.ә.	1,46	1,00	1,06	7,74	1,00	1,93	4,62	1,62	20,43	6,00
4	Түркістан қ.ә.	2,56	1,30	1,24	6,85	25,28	6,69	20,21	20,51	84,64	10,33
5	Бәйдібек	1,01	1,74	1,02	1,00	6,80	1,00	1,00	1,74	15,31	7,50

6	Қазығұрт	1,54	1,87	1,01	2,90	12,58	2,12	3,83	3,38	29,23	7,26
7	Мақтарал	4,40	2,25	1,00	28,46	72,90	5,17	8,24	6,12	128,54	11,17
8	Ордабасы	1,52	1,71	1,09	2,38	17,68	2,32	3,52	1,26	31,48	8,57
9	Отырар	1,13	1,47	1,10	1,62	10,38	6,12	2,34	1,79	25,95	11,36
10	Сайрам	4,29	2,12	1,04	11,62	22,00	7,83	24,28	3,46	76,64	7,33
11	Сарыағаш	4,17	1,95	1,01	15,49	29,98	4,12	31,93	6,01	94,66	9,13
12	Созак	1,00	1,83	2,42	15,33	2,50	22,85	1,59	1,00	48,52	23,04
13	Төлеби	1,89	1,74	1,23	3,08	11,93	3,69	19,52	2,44	45,52	9,80
14	Түлкібас	1,57	2,15	1,14	6,59	13,48	1,97	4,69	2,58	34,17	8,96
15	Шардара	1,35	2,12	1,28	7,69	18,28	3,71	5,28	1,24	40,95	13,56

Ескерту: «2008 ж. ОҚО әлеуметтік-экономикалық дамуы» статистикалық жылнама. Шымкент, 2009 ж. мәліметтерінің негізінде автормен есептелген.

Рейтингтік талдаудың негізгі мәселелеріне келесілер жатады: 1) аумақтық органдардың қызметін жан-жақты сипаттайтын ақпараттық базаны құру және жүйелі түрде толықтыру; 2) жергілікті әкімшіліктің және оның бөлімдерінің жұмыс тиімділігінің деңгейін бағалау және бақылау үшін бірыңғай кешенді көрсеткіштерді алу; 3) кәсіпорындар мен ұйымдарға өзін-өзі бағалауға көмек беру.



1-сурет. Аумақтың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату үрдістерінің жалпы құрылымы
Ескерту – Аумақ экономикасын теориялық зерттеу негізінде автормен құрастырылған

ОҚО экономикасының бәсекеге қабілеттілігін кейбір көрсеткіштер бойынша бағалау 2-кестеде көрсетілген. Жоғарыда айтылғандарды ескере келе, келесідегідей қорытынды жасауға болады: 1) ОҚО әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері төмен ауылдық аудандар өте көп; 2) ірі кәсіпорындардың толық қуатта жұмыс істемеуі немесе жабылуы салдарынан Кентау және Арыс қалаларын дамуы төмен топқа жатқызуға болады; 3) Түркістанда әлеуметтік сала мәселелері дәстүрлі сипат алып отыр, іліп алар өнеркәсіп саласы жоқ; 4) инвестициялар, еңбек, өндірістік және қаржылық әлеует негізінен Шымкент қаласында шоғырланған, яғни Оңтүстік Қазақстан облысы үшін орналастырудың шоғырланған түрі тән.

2-кесте. ОҚО экономикасының бәсекеге қабілеттілігін кейбір көрсеткіштер бойынша бағалау, %

№	Көрсеткіштер	2006	2007	2008	2007ж. 2006ж салыс.,%	2008ж. 2007ж. салыс.,%
1	Тұрғындардың жан басына шаққандағы ЖӨӨ, мың теңге	129,1	145,5	167,0	112,7	114,8
2	Жұмыспен қамтылған 1 адамға шаққандағы ЖӨӨ, мың теңге	297,6	340,8	330,6	114,5	97,0
3	Негізгі қорлардың 1 теңгесіне келетін ЖӨӨ, теңге	1,85	1,64	1,31	88,6	79,9
4	Негізгі капиталға салынған инвестициялардың 1 теңгесіне келетін ЖӨӨ, теңге	6,10	4,92	3,81	80,7	77,4
5	1000 тұрғынға шаққандағы кәсіпорындардың саны	1,87	1,88	2,30	100,5	122,3
6	Орташа айлық атаулы еңбек ақы, теңге	19386	22854	27586	117,9	120,7
7	Жұмыссыздық деңгейі, %	7,8	7,5	7,2	104,0	104,2
Ескерту – Аумақ экономикасын теориялық зерттеу негізінде автормен құрастырылған						

* * *

На областном уровне показана эффективность региональной системы хозяйствования и ее конкурентоспособность

Efficiency of regional system of managing and its competitiveness is shown at level of area.

ӨОЖ 631.11.22.

ОҚО ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ДАМУ

DEVELOPMENT OF ECONOMIC SYSTEM COMPETITIVENESS OF SOUTH KAZAKHSTAN REGION

Ағымбай А.О., Атабекова Ж.К., Рысбаева С.К.
Agymbay A.O., Atabekova Zh., Rysbayeva S.K.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Аумақтағы экономикалық қатынастардың дамуы түрлі нысандағы интеграциялар арқылы өңірлерде, тікелей шаруашылықтар байланысы негізінде пайда болады. Өндірістегі интеграцияның бөліну процесі, өңірдегі инновациялық құрылым мәселесін шешуде және жоғары технологиялық халық шаруашылық өнімдерінің дамуы кешенді ыңғайлы жағдайды қажет етеді.

Аумақтың бәсекеге қабілеттілігін дамыту көп сатылы құрылымы бар күрделі шаруашылық жүйелерге жататын интегралдық құрылымдарды құру негізінде мүмкін. Өндірістің интегралдық салааралық сипаты бір сала өндірісінің дамуы мен орналасуы онымен тікелей байланысты салалар

өндірісінің дамуы мен орналасуына тәуелді болады. Салааралық құрылымдардың қажеттілігі қоғамдық еңбек бөлінісі өнеркәсіптің жаңа салаларының құрылуына алып келіп, салааралық байланыстарды кеңейтетінімен түсіндіріледі. Аумақтың экономикалық дамуын басқарудың инновациялық жүйесі мемлекеттің, шаруашылық субъектілердің және қоғамдық институттардың үйлесімді әрекеттеріне негізделген. Салааралық интеграция тұжырымдамасын әзірлеуді талап етеді. Салааралық құрылымдарды дамыту тұжырымдамасы 2003-2015 жылдарға арналған Индустриалдық-инновациялық дамудың стратегиялық жоспарының негізінде қабылданады.

Аумақтағы салааралық құрылымдардың тұжырымдамасы олардың құрамындағы салалар мен өндірістерді қалыптастырудың тиімді жолдары мен қарқынын негіздеуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты келесі негізгі мәселелер анықталды:

1) салалар бойынша «сұраныс-ұсыныс» тұрғысында зерттеулерді жүргізу: ауыл шаруашылығы, химия, тоқыма, тігін, тамақ, ұн-жарма, жем өндіру өнеркәсіптері, құрылыс материалдары мен құрылыс, түсті металлургия, туризм;

2) секторлардағы технологиялар туралы білім беру тетіктерін талдау: құрылысы, фармацевтика, құрылыс материалдары, металлургия, машина жасау;

3) интегралдық құрылымдардың нақты секторына қатысатын жұмысшылар мен мекемелердің санын анықтау;

4) салааралық интеграция жобаларын құру мақсатында үш саланың бірігуі (өнеркәсіп, ғылым, жергілікті билік);

5) инвесторларды іздеу және салааралық жобаларды қаржыландыру;

б) салааралық құрылымдар жобаларының мониторингін құру.

Жаңалықтарды ендіру және еңбек өнімділігін жоғарылатудағы кластерлердің артықшылығы ағымдағы табыстарға қарағанда аса маңызды болады (1-сурет). Технологиялық кластерге кіретін фирмалар сатып алушылардың қажеттіліктеріне жылдам бейімделуге қабілетті. Кластердің құрамындағы фирмалар сатып алушылардың қажеттіліктерін білетін және олармен тығыз қатынаста болатын компаниялардың шоғырлануынан және біртектес салаларда фирмалардың болуынан, мамандандырылған ақпаратты жинау құрылымдарының шоғырлануынан кіріс алады.

Кластерлер бәсеке мен кооперацияның жиынтығы бола тұра, М.Портердің бәсекеге қабілеттілігі ромбының келесі детерминанттардың болуы жағдайында ғана дамуы мүмкін: фирманың стратегиясы, олардың құрылымы мен сайысы, біртектес және қолдау салалары, факторлар параметрлері, сұраныс параметрлері.



1-сурет. Аумақта инновациялық-технологиялық кластерді құру сызбасы

Ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігінің дамуы бірнеше кезеңдерден өтеді: 1) факторлар кезеңі; 2) инвестициялар кезеңі; 3) жаңалықтарды ендіру кезеңі; 4) байлық кезеңі. Бірінші үш кезеңде ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен әл-ауқаттың өсуі орын алады, төртінші кезеңде өсу тежеліп, соңында құлдырау болады.

Қазіргі кезеңдегі Қазақстанның жағдайын бағалай отырып, біз өндіріс факторлары негізіндегі бәсеке және инвестициялар негізіндегі бәсеке кезеңдерінің тоғысуында тұрмыз деп айтуға болады. Дәл қазір басқа кезеңге қарқынды қадам басуға болады.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу бағасы және сапасы бойынша отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін өндірістерді құруды, отандық тауарларды әлемдік тауарлық нарықтарға шығаруды, салаға инвестицияларды тарту үшін шарттарды қалыптастыруды қарастырады. Қайта құрулар аясына шағын және орта бизнес белсенді түрде тартылған. Орталық және Оңтүстік Азия нарықтарын белсенді игеру қарастырылып отыр. Бұл аумақтар тұрғындардың өсуінің жоғарғы қарқындарымен және сәйкесінше, тауарларды тұтыну көлемінің ұлғаюмен ерекшеленеді.

Мақта өңдеу өнеркәсібінің шикізат базасының дамуы бірінші емес. Жалпы, мақтаның егістік алқаптары 1991 жылмен салыстырғанда 65% ұлғайды. Егер статистикаға бет бұратын болсақ, мақтаның егістік алқаптарының өсуі негізінен мақта шаруашылықтарын қажетті өндіріс құралдарымен жабдықтау және мақта өсірудің агротехникалық шарттарын жақсарту есебінен болғаны анық. 90-шы жылдары еліміздің химия өнеркәсібі шитті мақта өсірумен айналысатын шаруашылықтарды минералды тыңайтқыштармен толығымен қамтамасыз етті. 1992-1998 жылдары нарықтық қатынастарға өту, жекешелендіру және мемлекет иелігінен алумен байланысты облыстағы кеңшарлар жойылып, мақтаның егістік көлемі төмендеді. Ауылшаруашылық құрылымдарын нарықтық қатынастарға бейімдеу арқылы ауылшаруашылық өндірісін реформалау нәтижесінде 2001 жылдан бастап, шитті мақтаның егістік алқаптары ұлғайды.

Бірақ мақта шаруашылықтарын жекешелендіру көлемі 3-5 гектар құрайтын егістік алқаптарының құрылуына алып келді. Бұл шағын жер көлемі мен құралдардың шектеулілігі жағдайында шаруа шаруашылықтарының жерді дұрыс өңдеу және мақтаны дұрыс өсіру шарттарын қамтамасыз ете алмауына алып келді. Аталған жағдайлар жалпы өнім мен өнімділіктің көлеміне өз ықпалын тигізді. Дегенмен, жалпы өнім мен өнімділік көлемі климаттық жағдайлар кедергі жасағанымен өсуде.

Өңір экономикасының бәсекелестік мүмкіндігін зерттеу кезіндегі қажетті бағалау:

- елдің бәсекелестік қабілетіне өңір экономикасының бәсекелестік қабілетінің ықпалы.
- түрлі факторлар мен шарттардың әсерінен өңір экономикасының бәсекелестік қабілетінің өзгеруі.
- өңір экономикасының келешектегі дамуының анықтау мақсаты, бәсекелестік қабілетінің жоғары деңгейге көтерілуі.

Өңір экономикасының бәсекелестік мүмкіндігін 2 тарауға саралау кезінде мына бағыттарды белгілеуге болады: экономикалық өркендеу, халыққа тиісті кірістің өсуі, ресурстарды тиімді пайдалану, ғылым және технология.

ОҚО 2010-2012 жж. бәсекеге қабілеттілікті арттыру факторларының болжамдық мәндері 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. ОҚО 2010-2012 жж. бәсекеге қабілеттілікті арттыру факторларының болжамдық мәндері

Көрсеткіштер	Белгілеу	2010ж.	2011ж.	2012ж.
ЖӨӨ көлемі, млн. теңге	У	433978	455677	473904
Тұрғындардың жан басына шаққандағы ЖӨӨ, мың.теңге	X1	237,9	254,5	266,8
Жұмыспен қамтылған 1 адамға келетін ЖӨӨ, мың теңге	X2	386,7	398,3	414,2
Негізгі қорлардың 1 теңгесіне келетін ЖӨӨ, теңге	X3	1,64	1,75	1,83
Негізгі капиталға салынған инвестициялардың 1 теңгесіне ЖӨӨ	X4	5,53	5,88	6,13
Жан басына шаққандағы өнеркәсіптік өнім көлемі, теңге	X5	71591	74455	78922
Жан басына шаққандағы ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі, теңге	X6	47826	48304	49270
Жан басына шаққан бөлшек тауар айналымы, теңге	X7	45528	49625	55084
Жан басына шаққандағы ақылы қызмет көлемі, теңге	X8	24642	27845	31743
1000 тұрғынға келетін шағын кәсіпорындардың саны	X9	4,4	4,7	5,2
Орташа айлық атаулы еңбек ақы, теңге	X10	52843	60662	67160
Жұмыссыздық деңгейі, %	X11	6,3	6,1	5,8
Ескерту – Зерттеу арқылы автордың жасаған болжамы				

Аумақтағы өндіріс тиімділігін, яғни экономиканың бәсекеге қабілеттілігін сипаттайтын көрсеткіштер ретінде біз келесі 11 көрсеткішті таңдадық:

- 1) Аумақ тұрғындарының жан басына шаққандағы ЖӨӨ көлемі. Бұл көрсеткіш әлеуметтік

бағытталған, яғни аумақтың бәсекеге қабілеттілігін әлеуметтік тұрғыда көрсететін болғандықтан, оны ұсынылып отырған рейтингке енгізу өзекті болып отыр, себебі ол экономиканың тұрғындардың өмір сүруі қамтамасыз ету қабілеттілігін сипаттайды. Мұнда ЖӨӨ экономика салаларындағы қосымша құндардың жиынтығы ретінде анықталады, яғни аумақта өндірілген тауарлар мен қызметтердің қайта құрылған құнын көрсетеді.

2) Жұмыспен қамтылған 1 адамға шаққандағы ЖӨӨ. Шартты түрде бұл көрсеткішті «аумақ деңгейіндегі еңбек өнімділігі» деп атауға болады. Біздің пікірімізше, аумақ өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігін шартты түрде көрсететін, аумақтағы өнеркәсіптік өнім көлемі мен осы салада жұмыспен қамтылған адамдардың санына қатынасын көрсететін көрсеткішті пайдалануға болады. Сонымен қатар аумақтың еңбек әлеуетінің пайдалануын көрсететін, яғни аумақ деңгейінде еңбек өнімділігі мен жұмыссыздық деңгейін бір мезгілде есепке алатын «ЖӨӨ аумақтың экономикалық белсенді тұрғындардың санына қатынасы» көрсеткішін пайдалану қолайлы болып отыр. Бірақ біз аумақтағы жұмыссыздық деңгейі көрсеткішін оның маңыздылығын ескере отырып жеке енгізуді ұсынамыз.

3) ЖӨӨ аумақ экономикасы салаларындағы негізгі қорлардың құнына қатынасы. Бұл көрсеткіш негізгі қорлардың 1 теңгесіне келетін ЖӨӨ, аумақ өзінің негізгі қорлар түріндегі бәсекелестік артықшылықтарын қалай пайдаланатынын, яғни аумақ деңгейіндегі қор қайтарылымын көрсетеді. Осы көрсеткішті есептеген кезде экономика салаларының негізгі қорлары тозуы ескерілген баланстық күн бойынша бағаланады.

4) ЖӨӨ негізгі капиталға салынған инвестицияларға қатынасы. Негізгі қорларды құруға, ұдайы өндіруге және сатып алуға (жаңа құрылыс, нысандарды кеңейту, реконструкциялау және техникалық қайта қарулануы, жабдықтарды сатып алу мен орнату және т.б.) бағытталған шығындардан алынған ЖӨӨ сомасын көрсетеді.

5) Тұрғындардың жан басына шаққандағы өнеркәсіптік өнім көлемі. Бұл көрсеткіш экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің ішкі мазмұнын, индустриалдық дәрежесін, аумақтағы саланың қаншалықты дамығанын көрсетеді.

6) Тұрғындардың жан басына шаққандағы ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі. Аумақ экономикасының бәсекеге қабілеттілігі рейтингісіне енгізілген бұл көрсеткіш аумақтың меншікті азық-түлікпен қамтамасыз етілуі дәрежесін, жалпы еңбек бөлінісіндегі саланың үлесін және азық-түлік қауіпсіздігінің деңгейін көрсетеді.

7) Тұрғындардың жан басына шаққандағы бөлшек тауар айналымы. Тұтыну нарығының дамуы мен сиымдылығын, аумақ экономикасындағы жиынтық сұраныстың деңгейін көрсетеді. Белгілі бір дәрежеде бұл көрсеткіш тұрғындардың төлем қабілеттілігі арқылы олардың әл-ауқатын сипаттайды.

8) Аумақтағы тұрғындардың жан басына шаққандағы ақылы қызметтердің көлемі. Бұл көрсеткіш әлеуметтік және экономикалық сипатқа ие, жиі экономиканың дамуын сипаттау үшін қолданылады. Есептеу әдістемесі бойынша тұрғындарға көрсетілген ақылы қызметтердің көлемі тұрғындар тұтынған түрлі қызметтерді құрайды және статистикалық тұрғыда тұтынушының көрсетілген қызмет үшін төлеген ақшалай сомамен өлшенеді.

9) Мың тұрғынға келетін шағын кәсіпорындардың саны. Алдыңғылар сияқты, бұл көрсеткіш экономиканың даму дәрежесін, кәсіпкерлік деңгейін, іскерлік белсенділігін сипаттауға мүмкіндік береді. Оның рейтингке енгізілуі дамыған елдермен салыстырғанда ҚР төмен деңгейімен және еліміздің аумақтары бойынша төмен үйлестірілуімен негізделеді.

10) Экономикада жұмыс істейтіндердің орта айлық атаулы еңбек ақысы. Әрине, ЖӨӨ еңбек ақының үлесі көрсеткіші көбірек қызығушылық туғызатынын мойындау қажет, бірақ аумақтар бойынша мәліметтердің болмауы жұмыс істейтіндердің орташа атаулы еңбек ақысы көрсеткішін рейтингке енгізуді қажет етті. Дегенмен бұл көрсеткіш те аумақ тұрғындарының әл-ауқатын көрсеткендіктен, экономиканың бәсекеге қабілеттілігі деңгейін сипаттауға қабілетті.

11) Аумақтағы жұмыссыздық деңгейі. Нақты ЖӨӨ әлеуетінен ауытқуы түріндегі жұмыссыздықтың экономикалық салдарын ескере отырып, бұл көрсеткіш аумақтың бәсекелестік артықшылықтарын (еңбектік) жүзеге асыру дәрежесін сипаттайтынын айтуға болады. Осыдан келе, бұл көрсеткішті аумақтық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі рейтингіне енгізу негізді болып табылады.

Біздің ұсынысымыз бойынша жергілікті өзін-өзі басқару негізінде, бірлескен басқару құрылымы болады. Осы құрылым ұйымдастырылған модельді ұсынуы бойынша, тұрғындар өздерінің әлеуметтік- экономикалық көзқарасын қорғайды. Модельдің қолданған типі мақсаттарға байланысты

олардың қол жету механизмдері аумақтық басқаруды және ие болу функцияларды бөлу деректері арқылы білдіреді. Муниципалды білім, бірлестік сияқты ұйымдастыру жұмыстарын атқарады, өзінің жеке міндеті және құқығы бар, бірақ осы қоғамдастықтың әрбір мүшесіне берілген міндет пен құқықтан өзгеше айырмашылығы бар.

Тұрғындар акционер ретінде өз меншігінің басқару құқығын менеджерлерге және директорлар кеңесіне береді, олар бірлестіктің бірнеше аспектілерінің шешімдерін қабылдап отырады, принципіалды, ең маңызды шешімдерді есептемегенде. Тұрғындар (акционерлер) бірлестіктің негізін қалаушы болса да, бақылау тізгінін сеніп беріп қойса, әрбір адамға бірлестік капиталынан бірдей үлес беріліп отырса да, бірлестіктің басқару жұмыстарының функциясы бөліне бастайды.

Басқару бірлестігінің келесі мәселесінің дұрыс шешілуі мына қызметкерлерге қажет, олар тұрғындар (акционерлер), несие берушілер, сатып алушылар және т.б. Осылардың барлығы «бірлестік меншігінің қатысушылары» деп есептеледі. Қазақстанда құрылып жатқан әлеуметтік – кәсіпкерлік бірлестіктер жұмыстарын осы принцип бойынша жүргізуге болады. АҚШ-та кең тараған жұмысшы акционерлік меншік атты бірлестіктердің жұмыстары, осы нұсқаға ұқсас ұйымдастырылған. Бірлестіктің тиімді басқарылуы түрлі аспекті акционерлердің қарым-қатынасына байланысты. Осыған байланысты ең негізгі сұрақтар, мыналар: қандай мүмкіндіктер арқылы осы институттар пайда болуы керек; бірлестік экономикалық өңір қарамағында қандай басқару және бақылау моделін қолдануы қажет?

Қазақстан әлемдік шаруашылыққа ену жолында тоқтап тұру себебі, халықаралық еңбекті бөлу барысында тар шеңберлі мамандық болып тұрғандығынан, әлемдік тауар нарығынан алыстап кеткендіктен, өңірлік үйлеспешіліктен, көлік коммуникациялық инфрақұрылымның дамығандығынан.

Біздің экономикамызда биоөріс құрылымы экспорттау шикізат бағытында жекешелену секторлары қалыптасуда, көптеген өңірлер бір салада жұмыс атқаруда, өндірістік құрылымдар жойылған. Сонымен қатар кейбір өңірлердің бәсекелестік басымдылығына қарамастан, кемшіліктері де бар, олардың рынокқа үйренуі түрлі мүмкіндіктермен байланысты.

Сонымен қатар қазіргі даму беталысы елдің континентальдық стереотипін бұзды. 2015 жылғы дейінгі Қазақстан Республикасы өңірінің даму стратегиясында айтылғандай кейбір перспективалы өңірлер, дәстүрлі бәсекелестік артықшылығымен бірге өзінің жағрафиялық мүмкіндігін максималды мақсатты пайдалану тиіс.

Логистикалық көлік орталығын құру арқылы Еуропа және Азия жолаушыларына жоғары дәрежедегі жағдай жасау және түрлі жүктерді тасымалдау базасында үлкен жетістіктерге жету. Тарихы мен мәдениеті бай Ұлы Жібек Жолы аймағында ғажайып туристік орталық ұйымдастырып, жұмыс жүргізу өте ыңғайлы. Оңтүстік бағытының бел арнасы Қытай мемлекетінің шекарасынан басталды (Достық, Хоргос) – Талдықорған – Алматы – Тараз – Шымкент – Қызылорда – Атырау, осы қалалар арқылы Орталық Азия мемлекеттерінің шекаралық өңірлеріне шығады. Сонымен қатар Қызылорда, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау облыстары Европа, Таяу Шығыс, Шығыс Азия және Оңтүстік Азия елдеріне экономикалық кеңістікке шығады. Бірқалыпты аумақтың даму концепциясының орнына поляризациялық даму концепциясы келеді. Бұл қалалардың нарықтағы ғаламдық және өте көлемді жұмыстарды атқарады, еліміздің барлық өңірлеріне пайдалы болуы тиіс. Басқа өңірлерге аумақтық стратегиялар, оның тек бәсекелестік жетістігіне назар аудармай, «өңірлердің бәсекелестігінен» қарым-қатынасқа көңіл бөліп елімізге осы жүйе арқылы бәсекелестік жетістіктерге жетуі тиіс.

Шекараға жақын орналасқан қалаларда трек пункттер ұйымдастыру. Тірек қалалар осы жұмыстар бойынша кішілеу қалаларды, селоларды тартады, сонымен бірге кәсіпкерлік жұмыстарын жандандырады, аумақтық кластерлер катализаторына айналады. Трек қалаларының негізгі бағыты инновациялық секторлардың жұмысын дамытуға, өңірлік рынокқа бағытталған.

Жоғарыда айтылған мәселелерді орындау барысында, мына төмендегі шарттарға мән беріледі:

1. Егер жеке секторлардың жұмыстарында белсенділік болмаса, «синтетикалық» кластер жұмыстарын қолдану, дамыту қажет.

2. Белсенді кластерлерге – реттеу механизмдерін құру, олардың қарым-қатынастарын нығайту.

3. Кластер жұмыстарын дұрыс жолға қою үшін, қамтамасыз ететін инфрақұрылымды дамыту және құру қажет: өндірістік және қойма бөлмелерін беру, логистикалық – көлік торабын құру. Кадрлердің өз білімін жетілдіру орталықтарын ұйымдастыру, жер телімдерін және басқа объектерді беру,

кластердің дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

Кейбір үлкен шикізат секторлары басым өңірлерде бәсекелестікке қабілетті, негізгі бағыттар көптеген компаниялардың дамуына ықпал етеді. Қажетті ресурстарды бір жерге жинақтау механизмі, әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар қосымша инвестицияларды алып келеді. Осы корпорациялардың ең негізгі бағыттары - кіші және кәсіпорындарының қызмет көрсетуі арқылы, олардың тауарларының қажеттілігімен ұзақ мерзім шарттарға байланысты жоспарлы әдістерді қолдану және басқару екендігі төменде көрсетіледі:

1. Бұрыннан келе жатқан құрылымдарды және аумақтық сәйкестігін түбегейлі өзгерту.
2. Жаңа аумақтардағы шаруашылықтарды игеру және жаңа дамыған стратегияны қолдану.
3. Ауданаралық және селоаралық өзара әрекетті, мақсатты түрде кешенді ресурстарды қажетті жерде пайдалану және қолдану.

4. Ұзақ уақытта әрекет жасап, жұмыс атқаратын жобалардың маңызды экономикалық, экологиялық және әлеуметтік-саясат келешегін жүзеге асыру.

5. Өзекті аумақтың проблемаларын шешу үшін белгілі құқықтық басқару тетіктерін қолдану.

Осыған байланысты өңірлердің бәсекелестік қабілеті даму үшін мақсатты, кешенді жоспар ұсынылады:

1. Басты мақсат, аумақтың бәсекелестік қабілетінен шығады, ол ұлттық идея, оны қисынға келтіруге болады: «Экономикалық жетілдіру және диверсификациялау арқылы өңірлер бәсекелестік позицияға жетеді».

2. Осы жоспардың ең негізгі мақсаты мынада: аумақтың перспективалық дамуын түсінікті етіп анықтау, алдына үлкен мақсат қою, оның шешу жолдарын табу.

* * *

Изложены проблемы повышения конкурентоспособности экономической системы в Южно – Казахской области

Problems of increasing of economic system competitiveness in South Kazakhstan region are stated.

ӘОЖ 631.18.22

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АГРАРЛЫҚ СЕКТОРЫНДАҒЫ ЖЕР РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫН ДАМУ ТҮРІНДЕ ЖАҒДАЙЫ

DEVELOPMENT OF LAND RELATIONS AND USING OF LAND RESOURCES IN AGRICULTURE OF KAZAKHSTAN

**Кожакметов А.Т., Маханов Е., Тойлыбаев Н.С.
Kozhakhmetov A.T., Makhanov E., Toylibayev N.S.**

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Республиканың ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында жер ресурстарын пайдаланудың табиғи-экономикалық сипаттамасы, жер жағдайының талдауы, жер құнарлығының деңгейін анықтайтын көрсеткіштер динамикасы келтіріліп, оларды пайдалану тиімділігіне баға берілген.


Қоғам онымен тіршілік қызметі барысында өзара әрекеттесетін кез келген табиғи ресурс сияқты, жер де пайдалану кезінде құрылымдық және сапалық өзгерістерге ұшырайды.

